




Әлем балалар әдебиеті

1 2004
5 к

МҰХТАР
ӘУЕЗОВ

Көксерек
*
Әңгімелер







Әлем балалар әдебиеті







Әлем балалар әдебиеті

МҰХТАР ӘУЕЗОВ

Көксерек



Әңгімелер

Алматы

«Балауса» баспасы

2006

8018000

ББК 84 Қаз 7-44

Ә 82.

*Қазақстан Республикасы Мәдениет жөне
ақпарат министрлігінің бағдарламасы бойынша
шыгарылып отыр.*

Ақылдастар алқасы:

*Ермұхамет Ертісбаев .
Қадыр Мырза Әли-төрага
Әлібек Асқаров
Райхан Мәженқызы
Абылайхан Құлбаев
Әбілмәжін Жұмабаев
Оразақын Асқар
Сұлтан Қалиев*

Әуезов М.

Ә 82 Көксерек повесі мен Бүркітші және басқа әңгімелері. Құрастырган О.Асқар. – Алматы: «Балауса» баспасы, 2006. – 512 бет.

Бұл әлем балалар әдебиетіне арналған 50 томдық-тың бірі.

ISBN 9965-672-46-6

Қазақ әдебиетінің классигі Мұхтар Әуезовтың бұл томга балаларға арналған повесть, әңгімелері яғни балаларға танымдық, тәрбиелік ой салатын шығармалары іріктеліп алынды.

Жазушының бұл шығармалары да әлемнің ересектер әдебиетін толықтырган «Абай жолы» эпопеясы сияқты әлем балалар әдебиетіне де қосылатын сүбелі үлес.

4803250201
Ә 411(05)-06

ББК 84 Қаз 7-44

ISBN 9965-672-46-6

© «Балауса» баспасы, 2006
© Құрастыруышы О.Асқар
© Дизайнері Ж.Болатаев

АЛҒЫ СӨЗ

Мұхтар Әуезов 1897 жылы 28 сентябрь күні бұрынғы Семей уезді, Шыңғыс болысында (қазіргі Шыңғыс Қазақстан облысы, Абай ауданы) туған. Оның атасы Әуез де, әкесі Омархан да арабша оқыған сауатты да ауқатты адамдар екен. Мұхтардың жасынан ауыл мектебіне беріп оқытады. Балалың сауатын ашып, білім алудына олардың оздері де көмектеседі. Болашақ жазушының жасынан көзі ашылып, орыс, қазақ мәдениетіне бірдей ықылас қоюына көбіне-көп атасы Әуез айрықша еңбек сіңірген көрінеді. Мұны Мұхтардың өзі де естелігінде анық айтып жазыпты. Әуез Абаймен құрбы, дос екен. Оның үстіне ауыл аралас, кой аралас дегендей, көші қонысы бір, көрші болыпты. Әкесінен он бір жасында, шешесінен он алты жасында қалған Мұхтар ата тәрбиесінде өсіп, ата нұсқауымен бала күнінен бастаған, Абай өлеңдерін, Абай аудармаларын оқитын болған. Абай поэзиясыннан және сол арқылы қазактың ауыз әдебиеті мен орыс ақындарының асыл өлеңдерінің жастай жүргегіне үялауы Мұхтардың болашактагы жазушылық жемісіне үрек сенкендігі даусыз. Ол үркітың қаулан, өсүіне, шешек атып, жеміс салуына қолайлы жағдай қажет еді. Мине, мұндай жағдайды оған жасаған немере агасы Қасымбек болыпты. Мұхтардың әкесі Омарханның ықтиярына қарамай, Қасымбек немере інісін 1908 жылы Семейге анарип медресеге берудің орына, орыс мектебіне береді. Содан Семейде бее жыл калалық училищеде, торт жыл мұғалімдік семинарияда оқу жасаған өспірім Мұхтардың орыс жөнне Батыс Европа әдебиетімен кең танысып, жазушылық мінта-зықласының, үміт-сенимінің арта түсініне тагы бір себеп болған. Оки жүріп, ол алғашқы қадамында өлең, әңгімелер жазған көрінеді. Талантты жазушының жүрт білетін тұңғыш туындысы – “Еңлік – Кебек” драмасы. Мұны Мұхтар 1917 жылы, семинарияда оқып жүрген кезінде (20 жасында) жазған.

Жиырмасынши жылдардың бас шешінде М.Әуезов совет мекемелерінде жауапты қызметтер атқара жүріп, баспасөз жұмысында ат салысады, бірнеше әңгімелер жазады. Соның ішінде ен көрнектісінің бірі – 1921 жылы жазылған “Қорғансыздың күні” атты әңгімесі. Бұл әңгіменің М.Әуезов творчествосы үшін де, жалпы қараша прозасы үшін де мәні зор.

“Қорғансыздың күні” сөз жок, оның прозаиктік таланттынни бірінші көрінісі. Жазушы өмір бойы таланттының осы екі қырын драма пен прозаны егіз қатар берік үстап өтті және кейін келе екеуінде де талай-талай құнды туындылар қалдырыды. “Қорғансыздың күніндегі” арамза Ақай болыс пен оның алааяқ ат көшшеси Қалтай құдың қорғансыз жандарға істеген қорлық-зорлығы, уыздай жас, кінәсіз жетім қызы Ғазизага істеген жан түршігерлік айуандығы қатты ыза, жиренішпен әшкөреленуі, ал нәзік жанды Ғазиза мен оның қайсаң кемпір әжесіне деген әрі сүйініш, әрі аяныш сезімінің автор жүргегінен жалын атуы – міне, бұлар да сол кездегі Әуезов колдан-

ған творчестволық тәсілдің екі жақты қырын танытатын сипаттар еді.

Геройларының ішкі дүниесіне үçліп, жан құбылыстарын бейнелеуге шеберлік, нәзік лиризм, табигат құбылыстарының да көріністерін адам көnlіne сәйкес суреттеу тәсілі М.Әуезов талантына әуелден тән қасиет. Бұған “Қорғансыздың күніндегі” сүмдүк қорлық көрген Газизаның дүниеден түніліп, молага кету алдындағы жан төбіренісі мен ызғырық боранның сұрапыл суреті айғақ бола алады.

Сүм заманың құрбаны болған қорғансыздар тақырыбы әлгі екі шығарманың гана емес, жиырмасыншы жылдардағы М.Әуезов шығармаларының көбіне-ақ арқау болған. “Қыр суреттерінде” әменгер шалдан қашып боранга ұшыраган Рабига, “Жетім” деген әңгімеде әке-шешесі өлгеннен кейін байшыкеш туысы Иса мен оның әйелі Қадишианың қолында қалып, құлдыққа, қорлыққа төзбей, қашып шығып өлген жетім бала Қасым – бұлар ескілікке мойынсұнбаган қорғансызы жандар.

М.Әуезов 1921 жылы жазған “Қорғансыздың күні” мен 1928 жылы жазған “Құлы заман” повесінің арасындағы бір топ прозалық шығармаларының қай-қайсысында да (Толстой мен Тургеневтің, Чехов пен Горькийдің дәстүрінде) адам әрекеттерінің психологиялық дәлелдемелерін бейнелеуге бейімділігін көреміз. Мысалға “Ескілік көленкесінде” атты әңгімесін алып қарайық. Бәйбіше әкесінің ескішіл тәрбиесінде болған бай қызы Жәміш өлген апасы Қадишианың орнына тоқалдыққа баруга ықылас білдіреді. Өзін сүйген, оқыган жас жігіт Қабыштан елудегі шал жездесі Кенжеханды артық көреді. Мұнысын білген Қабыш Жәмішті сүюін қоймайды, сонымен бірге шалды қалағаны үшін оны жек көреді. Әрі сүйген, әрі жек көрген қызын бір көріп қалуға бара жатқан Қабыштың қарама-қарсы қос қыртыс сезімін жазушы психологиялық нәзіктікпен өте шебер суреттейді. Мұнда жек көру сезімі қаншама қисынды болғанмен, сүйіспендік сезімі оған еш женгізбейді. Жәміштен үміті үзіліп алыстаған сайын “оған деген арманы асқындей түскендей”. Әңгімеде осындағы екі сезімнің түйісу конфликтін көрсетумен қатар, табигат көрінісін геройдың немесе автордың өз көnlі-куйіне еріп суреттеу шеберлігі де көз тартады.

“Көксеректе” адам асыраған бөлтіріктің өскен соң даладағы тағы қасқырларға қосылып алып, қасқырлық қылығын істеп, өзін асыраған Құрмаш баланы өлтіргені, оナン кейін талай рет малға шауып, үлкен қырсық боп тигені, қыры бүкіл ел болып оны әрең үстап өлтіргені баяндалады. Қалай баяндалады десеніш! Қасқырдың “психологиясын” Джек Лондон дөрежесіндегі білгіштікпен және суреткерлікпен бейнелеп баяндаған. Бұл повесте жазушының қаламгерлік өнері одан әрі өскені көрінеді.

Мұқаметжан Қаратаяев,
Филология ғылымының докторы,
Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі.

Көксерек



© «Жазушы» баспасы, Алматы, 1979.



КӨКСЕРЕК

I

Қараадырдың қарағанды сайы елсіз. Айналада қабат-қабат шұбар адырлар. Жақын төбелердің барлығын аласа боз қараган, тобылғы басқан.

Сай бойында май айының салқын лебі еседі. Бастары көгеріп, бүрленіп қалған қалың қараган жел лебімен сыбыдыр-сыбыдыр қағып теңселіп, ыргалып қояды. Маңайдан жуалардың, жас шөптердің иісі келеді.

Ұзын кең өлкені қаптай басқан қараганның ортасында терең, құр жар бар. Соның бас жағында итмұрынды қалың жыныстың арасында қасқыр іні бар. Жақын елге мәлім ескі ін. Жазға салымнан бері соны екі қасқыр келіп мекен етті. Бұрын итмұрын жаңындағы кішкентай аланда кеңдігі кісі сыйғандай үш үлкен ін болатын. Биыл жас топырағы жағасында дөнкиіп, тағы бір жаңа ін шыққан. Бөрінің ауданы бір, жер астынан қатынасы бар.

Маңайы қасқырдың ойнағы. Жас шөптер басылып, тапталып қалған. Жақындағы қарагандарда қасқырдың ақ жүндері көрінеді. Қыстан қалған түбіті қазір де әр жерде сөйтіп жұлдынып қалып жүр. Индердің орта жерінде екі қалың сасыр шайқалып өсіпті. Қазірде соның түбінде қысқы жүні әбден түлеп болмаған ақ қасқыр жатыр. Бауырында кішкентай көк күшіктері қыбырлайды. Жарқыраған қызулы күн бойын ерітеді. Көзі бір сығрайып ашылып, бір жұмылып қалғуга кетеді. Иіген емшектері жыбыр-жыбыр тартылады. Төбесінде сасыр шайқалып ыргалады. Маңайдағы қараган мен итмұрын бастары қозгалактайды.

Бір мезгілде бас жағынан сатыр-сұтыр, сырт-сырт

сынған ши, тобылғы, қу шөмшектер дыбысы келді де, есін жиганша бірдеме қасына тасырлатып келіп қалды. Атып тұрды... Бауырындағы көк күшік шашылып-төгіліп, ұмар-жұмар домалап қалды. Тұрганда “арс” етіп, азы тістері ақсиып, ырылдай турегелді.

Дәл сол кездे түп қарағаннан аса бере, алдына жас қызыл қозы топ ете түсті. Соның артынан секіріп шықкан – көк шолақ. Ентіккен, көбік аққан тұмсығымен ақ қасқырды айнала ііскеп, өр жерін жалап алды. Содан соң жерде үйелеп қалып, тыптырлап жатқан қозыны көре сала – “ырр” етіп барып бас салды.

Қозы екі қомағай ауыздың кергісінде қан-жоса болып дар-дар айрылды. Сырт-сырт етіп жас сүйек сынды. Қапаш-құпащ қорқ-қорқ етіп қомағай қанды ауыздар асайды. Тұмсығы мен бастары, мойын жүндері қып-қызыл болған қасқырдың жасыл көздері от шашады.

Аз уақытта екеуі қозының орнын гана ііскелеп қалды. Енді біразда көк шөпте әрлі-берлі аунап-аунап, керіліп тұрып, жегендерін құса бастады.

Алдымен туган, көзі ашылған күшіктер жемденіп жатыр. Ең соңғы туган екі күшік бауырын көтере алмай, тырбындал жатыр еді; енді оларды бауырына алып емізе бастады.

II

Ертеңіне түсте жат иіс шықты, алыстан әлдеқандай дабырлаган дауыстар естіліп, жақындал келе жатты. Күшіктерді жоталарынан тістелеп, індерге тығып-тығып тастан, ақ қасқыр қараған ішіне кірді.

Ін үстіне мүйіз түяқтар тасырлап дүбірлетіп келді; айқай-дабыр молайды. Бірі үстіне-бірі келіп, жиын көбейді. Жерге ат үстінен тастанған ағаштар сарт-сарт түсіп жатты. Ін аузына екі аяқтылар жыбырлады. Қөргіш көздер ін түбіне қадалды. Күшіктер бірі үстінебірі үйіліп, бауырын көтеріп қыбырлай алмай, жақын жерде жатыр еді.

Жып-жылы мықты тұсаулар мойнынан, жотадан үстап бар күшікті сыртқа алып шықты. Жеті күшіктің

бесеуін көздеріне қарап отырып өлтірді де, екі кішкенесін тірі қалдырыды. Кетерде бұның біреуінің тірсегін қызып қалдырыды да, екінші біреуін – ең кенжесін алғып жүріп кетті. Қалған жалғыз күшікті тістелеп алыш, екі қасқыр жоқ болды. Ін қаңырап қалды...

Осыдан соң бір жұма бойы маңайдағы ел күндіз-тұні у-шу болып жатты. Қой жараланды. Қозы алыш қашылды. Бұзаулар өлтірілді. Далада құлындаған биelerдің бірнеше құлындары желінді.

Тұтқын болып кеткен көк күшік ауыл түрғыны болды.

III

Көзін ауылга келгесін екі күннен соң ашты. Жұрт асырауга көнеді десті. Кішкене Құрмаш Көксерек деп ат қойып алды. Ертеңді-кеш айналасынан шықпайды. Өзіне жеке ас құйғыш – итаяқ өзір болды. Бауырын көтеріп, тырбанып жүруге айналған соң, мойнына жіп тағылды.

Үй ішінен шықпайды. Тұн баласында Құрмаш қасына алыш жатады. Сол үшін кәрі әжесінің қойнынан да шығып кетті. Бөлек жатады. Қасында, не аяқ жағында, көрпенің астында Көксерек жатады.

Жаз ортасына жақындаған кез болды. Көксерек үлкейді. Семіріп жонданғандай да болды. Бірақ үлкейісі даладағыдай емес, бәсендеу. Ауылдағы өзі құрбы күшіктерден сонша үлкен емес.

Бұл уақытқа шейін Көксерек ауыл итінен көресіні көрді. Бірде-бір ит мұны дос көрмейді, манына жақын-датпайды. Қасқырга шабатын батыл төбеттер бұны талап та тастайды. Өзге көп ит те ырылдаپ үріп, кейде тап беріп, әр жерінен тістеп тартып кетеді.

Құрмаш қасында болғанда таяқ жемейді. Бірақ ер жете бастаған сайын бұдан иесі көз жазып қала берді. Сондай кезде Көксерекке ылғи жау иттер кездеседі.

Бір уақыт үлкен үйдің үлкен қара ала төбеті онашада бұны алыш соғып, көп езгіледі. Бұны талап жатқанын көріп, өзге иттер де келіп шабынан алыш, борбайынан

созғылап өлтіруге айналып еді. Шаң-шүңмен балалар, үлкендер жиылып кеп, иттерді ұрып, зорга айырып алды.

Бірақ Көксерек әлі күнге ешбір уақытта “қыңқ” етіп ауырсынған дыбысын шыгарған емес. Талаймын деп ит ұмтылса, жота жұні үрпіп, үдірейіп тұрып алады. Тіци батып, қинаң бара жатса, дыбыссыз ғана езуін ыржитады.

– Кәпір, қырыс, тағы емес пе! Қеудесін бермейді, жасымайды! – деп ауыл аныз қылады.

Сонымен қатар Көксерек жайында ауыл-үйдің қатындары әр алуан өсек те таратып жүрді.

– Ұры. Асырасаң да мал болмайды. Тұқымы жау емес пе! – десті.

Кейбіреулер: “Тұнде қозының құйрығын иіскелеп жүреді. Қойды үркіте береді. Тұнде даланы жақсы көреді. Иттен қорыққаннан ғана үйде жатады” деседі. Құрмаш бұл өсектің бәрін елемейді.

Шынында, Көксерек тамаққа өлгенше ашқарақ еді. Алдына құйып қойған асты әлі күнге қасында кісі қадалын тұрса, жаламайды, жемейді. Жалғыз-ақ кісі көзі тайса болды, қазір жоқ қылады. Бірақ егер тілті қарны ашып кетсе, өзіне бермеген асты да жеп қояды. Қөрнене ши ішіне кіріп кетіп, керегеге асулы тұрган ет болса, жастері болса, қазанда іркіт, қатық болса – барлығын да өзінін ыдысына құйып қойғандай көріп, иіскелеп жалап, жен кетеді.

Кейде сондай жерде ұсталып, таяқ та жейді. Талай рет оқыста төбесіне танқ етіп тиген оқтау бойын тызылдатып, шыпыртып тиген қамшыны да татты. Бұның жауабы – езуін ғана ыржитады.

Құрмаш қанша тәрбиелесе де, Көксерек үрлық пен адаптацияның айырмасы не екенін үға алмады. Біресе өздері беріп тұрып: “же” – дейді. Біресе сондай тамакты өзі тауып алған жеп жатса, ұрып салады. Сол себепті кей көздері алдына дайындалған тамакты да жемей, көзінің астымен жалт-жалт қарап жатушы еді.

Қалай да болса үзіп-жұла жүріп, Көксерек аш болмайтын. Құніне екі мезгіл тамак ішу, мұның шарты бо-

лып алды. Екі рет қолдан ас қүйылмаса, ол күні Көксерек өз бетімен барып бірдемені жеп жататын.

Осымен жүріп жаз ортасы ауган кезде Көксерек зіңгіттей көк шолақ қасқыр болып шыкты. Енді қарала тәбет те талай алмайды. Жота жұні үрпіп, көздері жасылданып, бар тістерін көрсетіп, аузын ақситып ашып жіберіп, тап бергенде талай бұралқы тәбет, быжыл қаншық қансылай, шеуілдей қашатын болды.

Мынадай кезде Құрмаштың өзі де корқақтай барып, қой-қойлайтын еді.

IV

Жетілмей келе жатқан тісі ғана. Көксерек арлан еді. Сондықтан бұның бойы биіктене берді. Әлі түркы шығып үзарған жоқ. Барлық жұні қара-көк, жотасы күдірейін, ауыз омыртқа мен құйрығына шейін түп-тұтас болып, күлдіреуіштей бүгіледі. Атылып келе жатқан садақ оғындаі үнілген, сүйірленген бір бітімі бар.

Өзі ешкімге ізденіп соқтықпайды. Ит баласына заты қастай жібімейді. Әлі күнге бір рет жадырап ойнаң көрген емес. Татулық жоқ, сұық. Жалғыз-ақ атын біледі. Құрмаш пен әжесі шакырса – келеді. Онда да жүгіріп келмей, құйрығын сөлектетіп, бүкендереп кана келеді. Бұны да ашықкан уақытында істейді. Әйтисе көбінесе анадай жерде қырыстанып, көзінің астымен жалт-жұлт қарап жатып алады. Барып тұртқілеп, орнынан тұрғызып жіберген соң ғана үйге жүреді. Өсекен сайын сыйданып, сұқтастып келеді. Сол мінезін байқаған үлкендер:

– Енді бұны өлтіріп, терісін алу керек; осы көпір түбінде ел болмайды, – дейтін де болып еді. Бірақ Құрмаш көнбеді.

Осымен тағы біраз жүргенде біркүні Көксерек қара ала тәбетке майдан берді. Қара ала тәбеттің несі Жұмаш бала жаз бойы Құрмашқа:

– Қасқырың болса – қайтейін, менің қара ала тәбетім бір-ақ бұрап соғады. Арашаламасан, әлдекашан өлтіріп тастар еді, – дей беретін.

Бір күні түсте Құрмаш Қексеректі тыска алып шығып, ас құйып жалатып тұрғанда, анадайдан шылапшының салдырын естіген қара ала төбет үйдің көлеңкесінен шығып алып, адымды қойып еді.

Екпіндеген бетімен, жолында жасқап тұрган Құрмашқа қарамастан, келе – Қексеректі бүйір жағынан келіп арс етіп қауып түсті.

Бұрынырақ кезде бұндайда асын тастан, кісіге қарап жалтақтап шығып кететін Қексерек енді зор дауыспен “гүрр” етіп, қара ала төбетті алқымынан ала түсті. Ұстаган жері құлак шекеге жақын еді. Төбеттің мойнын бұргызбастан қапсыра тістеп, жұлқып-жұлқып жібергенде, үлкен төбеттің арт жағы бұлғаң-бұлғаң қағып барып, Қексеректің жанына дұрс етіп сұлап түсті.

Маңайдан жұрт дабырлап жиылып қалып еді. Қексерек қара аланы тамағынан қысып буындырып тұрып-тұрып қоя берді де, жотасы үдірейіп топтан шыға берді.

Женғен жаудың сығымынан зорға құтылған қара ала қансыладап, жүні жығылып, бір жаққа кетті.

Осы оқиғаның ертенінде кешке жақын ауыл жанында жатқан қойға қасқыр шалты. Дөң басындағы қойшының айғайымен қатар ауылдағы кәрі-жас, аттылы-жаяу иттерді айтактап түгел жүгіріп еді. Қөп ішінде “Қексерек те кетті” деп Құрмаш та жүгірді.

Бірақ қасқырга ешбір ит жете алмады. Дөң аспай, иттің бәрі де, адам атаулы да тоқтап қалды. Сам жақтағы алыстағы сары жотадан ереуілдеп, екі зор қарайған асты. Ол екі қасқыр еді. Солардың артында тұмсығын жерге салып, тоқтамай ағызып, Қексерек кетіп бара жатты. Бір кезде жотадан о да асты. Артынан Құрмаш пен озге балалар бірінің артынан бірі: “Қө-ө-к-ө-к-се-ре-к! Қө-ө-к-с-е-ре-к!” деп, шақырып айқайлап жүгірді.

Әбден қас қараюға айналған уақытта Қексерек жалғыз өзі баяулап басып, ауылға келді. Бірақ үйге кірген жоқ, анадайда тұрып қайта-қайта щандатып, жер тырнайды. Сары жотага қарап-қарап қойып, әрлі-берлі жүріп, жер іскелейді. Тыныштала алмагандай.

Қексеректің бұл жайын байқап ап, Құрмаштың өкесі:

— Түү, мына көпірдің екі көзі жап-жасыл боп кетіпті ау, тұқымын сезген еken мына жұзіқара; қой балам, енді мұны өлтіріп, терісін алайық, — деп еді.

Құрмаш бұл сөзге көнбеді. Бірақ осы кештен екі күн өткен соң, Көксерек бір түн ішінде жоқ болды. Құрмаш қашып кетті деуге қимай, айналадағы ши-қарағанды, жар-жыраларды тегіс арылтты. Таба алмады. Осымен жұрттың бәрі кеттігে есептеп қойып еді, үш күн өткенде, бір күні таңертең ойда-жоқта Көксерек өз-өзінен сап ете түсті. Құрмаш пен әжесі қасқырдың бұл мінезіне сүйсініп, қуана қарсы алды. Бұл келгенде, Көксерек екі бүйірі суалып ашыққан. Өзінің үсті-басы батпақ болып, сыбағысқан собалақ жүдеу пішінмен келді. Қайта тұрып қалды. Тағы да бұрынғысынша күйленіп, нық семіріп, енді орасан боп есе бастады.

Бұл соңғы күйленуі, шынымен, үлкен қасқыр боп ұлғаюның белгісі еді. Сонысын сезген болу керек, күздін бір қара дауылды қара түнінде, Көксерек тагы жоқ боп шықты. Бұл жолғысы шын болды. Енді қайтып оралмастай болып кетті. Сол көк қасқыр саршұнақ пен қоянның көжегі сияктыны азық қыла жүріп, өлместей бол алды. Қысқа да жеткен еді.

Жарық айлы түнде тұмсығынан бұрқырап бу шыгады. Аязды түнде табанының астындағы қар шықыр-шықыр етеді.

Жотадан-жотаға жорытты. Талай жерден қарауыл қарап, желге тұмсығын төсеп, алыстан тартқан бір іспен жүріп отырып, бір қыстаудың желкесінен келіп шықты. Тау желкесіндегі боз қарағанды, қарлы адырдан әрлі-берлі жүріп кеп андыды.

Шашау шыққан мал жоқ. Айналасы қарауытып, қыстау түр. Бадырайып қараған көздердей болып, әр жерден төрт бұрышты қызыл оттар көрінеді. Пішен тобесі мен қораның ығында жатқан иттер үреді. Сақ, мазасыз...

Бірақ сол қорадан кеш бойы мұрнын жарып, озіне тартқан қой иісі де келеді.

Қорага жақындағын деп еді, көп иттер шулап үріп, маңайлалатпады. Қатты аяздан тұмсығының ұшы, езуі ашып, шыдатпай тона бастады. Табанынан өткен ызгар

да аяқтарын қарып, қатырып барады. Қайта жорытып, адырға шықты.

Алғашқы рет амалсыздан көкке қарап, аузын ашып ышқынғанда, ішінен зор дауыс шықты. Құтпеген дауыс. Қексеректің ең өуелгі ұлығаны осы еді.

Қарлы елсіз адырды басына көтеріп, дауыс салды. Тынбай, ұзак-ұзак уақыт ұлыды. Мұнын даусы шықкан сайын, сайдагы ауыл жақтан көп иттің арс-арс, шәу-шәу етіп үргені естіледі.

Қексерек құйрығын артқы екі аяғының арасына тығып алып, аш белі бүгіліп, іші қайта-қайта солқ-солқ етіп ұлып түр еді. Бір мезгілде дәл жанынан өзінің дауысындей дауыс естілді. Ол да дәл осы сияқты ұлиды...

Қексеректің даусын естіп, манайда жүрген қанышқ қасқыр мұны іздеп келеді екен. Екеуі екі беттен бірін-бірі көрісімен – қарсы ұмтылысты. Етпеттеп біріне-бірі жақын келгенде “ырр”, “ырр” етісіп, тістерін тигізіспей қагысып өтісті. Ашқарақ азулары сақ-сақ етті. Қексерек гүрілденкіреп, маңына көп дарытқысы келмей, әрліберлі ортқып түсіп, жылдам оралып, ашу шақырғысы келіп еді. Ақ қасқыр айнала қынсыладап, бұның ізін иіскеледі. Аздан соң құйрық жағынан бір иіскең, сирағын жалап өтті. Екеуін істері табыстырды. Қексерек те айнала иіскеді. Бір-бір рет жақтарын жаласты.

Көсіліп алып сайга қарай салды. Екеуі де енді ширак, қатты жортады.

Қора жанындағы дүнкиген сары жотаны құлдалап тарта бергенде, қалын жұнді барқылдақ қара ала тәбет сондарына түсті. Бұл Қексеректің жаз бойы ырылдасып өсken ала тәбеті болатын. Қасқырлар бой салып қашқан жоқ. Ақ қасқырды алдына салып, Қексерек арт жағына онды-солды жалт-жалт қарап, ойға – тасаға таман түсті. Артындағы иттерді ілестірмек болып, үріп қуып келе жатқан ала тәбет, бұлар ойға түскенде, тоқталуға айналып еді. Қалған иттер жота басында серейіп-серейіп турып қалып, сол арадан көр жіберіп тұрган. Енді кара ала тоқтауға айналғанда, Қексерек бұрыла сала тап берді.

Ақ қасқыр да айналып жіберіп, ағызып келіп алдына

түсті. Екеуінің бетіне шыдай алмай, жалт бере қашқан ала тәбет құйрығы шошандап, барбандаپ бетке қарсы үзай алмады. Ақ қасқыр бұрын жетіп, жұлып кетті. Арты көтеріліп барып түссе де, ала тәбет жығылмай қарсы қарал, ырылдаپ тұра қалып еді.

Сол кезде ғана бұларға жеткен Көксерек келе құлак шекеден қауып түсіп, көз ілескенше қара аланы жұлып соғып, астына жұмарлап басып алды.

Қасқырдың екеуінің де жоталары дүнкиіп, жон жүндері үрпіп алған. Ауыздары басында қалың жүнге толып-толып шықса да, артынан ыстық қанға, жұмсақ етке, сырт-сырт сынған сүйекке де араласты. Аяқтарының астында ойылып қалған қалың қар, бүрк-бүрк борайды. Жылы-жұмсаққа тұмсықтары кіріп алып, екеуі де өзге дыбыс шығармай, қорқ-қорқ асайды. Суық қар араласқан жылы тамақты қомағайланып, қылқ-қылқ жүтады.

Аяқтап келгенде, екі санды екеуі ортасынан дар айырып, жұлып-жұлып өкетісті. Аздан соң қара аланың қара табандары мен құйрығы ғана қалды. Одан басқа әр жерде шашылған жүндер ғана жатыр.

Екеуі айға қарсы қасқайып, қайтадан Қараадырга тартты. Алдына – Көксерек, артына соның ізімен ақ қасқыр түсіп, адырға кіре бере бір ық жартастың бауырында екеуі бірдей аунап-аунап алды.

V

Осыдан соң екеуінің жұбы жазылған жоқ. Қасына серік ергеннен бері, Көксерек зорайып қатты өсті. Аяқтары жуандап, жүндерінің бәрі де қалыңдаپ ұзарып, өзі жуан, өзі мықты көкжал болып алды. Қыс іші болса да, жоны шығып, алқымы түсіп семіріп кетті.

Оның есесіне белгілі атышулы екі қасқырдан Қараадырдың іші-тысындағы ел түгел көресіні көрді. Даладан қойши алдынан қой тартып жейтін, жайлаудағы сиырга шауып, тайыншадан бастап, үлкен сиырга шейін жейтін – осы екеуі. Ақпан, науырыз кезінде үш-төрт түйе де желінді. “Кісіден қорықпайды. Әсіресе бір көк шолак

бар. Қойды алып соғып жарып жатқанда, қасына сойылсалым жерге келгенше қашпайды.

Даладагы қойга тигенде, өуелі біреуі келіп шабады, соган қойшы алданып жүргенде, бір жақтан келіп – екіншісі шабады” десетін болды.

Боранды, аязды тұндерде бірен-саран қораға да түсіп көрді. Бір кедейлеу ауылдың қой корасына түсіп, он шакты қойын жалғыз Қексерек өзі өлтіріп, құтылып шықкан уақыты да болды. Бірнеше ауылдың “қасқырмен таласуға жарайды – ер, сақ” деп жүрген әлденеше иттері де желінді.

Және шірет жасағандай, Қараадырдың қыстауларына кезекпен соктығады. Бірер күн бір-екі ауылдың айналасында қатты қимыл ғылышп жүріп-жүріп, соның артынан бір жұма, он күндей бұл манайда жоқ болып кетеді.

Оның есесіне екінші, үшінші ауылдар өлгінің көргенін коріп жатады. Әр ауылдың тұстарында өздерінің көрініс беріп келетін қарауыл жоталары, жығылып келетін сай, өзектері бар. Торуга мезгіл таңдамайды: таңертені, түсі, түні – бәрібір. Күніне бір мардымды жем алмай, қанағат қылмайды.

Келгенде: ана кезен жақтан, анау шиден, ана қараланды сайдан келеді десе – сол жерлерден айтқандай шығады. Бұлар айналдырып жүрген елдер малын шашау шыгармай, көзден таса қылмай, қия бастырмай-ақ сақайған болады. Бірақ күндіз-түннің бірінде неғылса да бір қапысы болмай тагы коймайды. Қексерек дәл соган кез келгендей, дап-дайын болады.

Қыс қатты. Қар қалын. Қасқырды қар көтереді. Атты котере алмайды. Сондықтан талай рет ат жаратып, шокпар қамдап, қуамын деген жігіттер болса да, еш нәрсе қыла алмады.

Бір рет қана белгілі бәйгі жириен атымен Арыстанбек шығып, сондарынан түсіп еді. Оны адырдан адырға салып, адастырып кетті.

Маңайламайтын жерден, алыстан мылтық атып қоркытпақ болғандар да бар еді. Одан да жасқанбады. У салғандардың уларын да жемеді. Ол улардан иттер жеп, қырылып қалған уақыттар да болды.

Мұның бәрі екі қасқыр жайындағы Қараадыр елінің аныз-әңгімесі еді. Соңғы бірер айдай бір ауылдың кісісі бір ауылга қатынасса, жиын болып көпшілік бас қосса, көп әңгімелері екі қасқыр жайында болатын.

Көксерек семіргенде, ірілеп өскенде – осындай данқ, атақ ішінде семіріп, өсіп келе жатыр еді.

Осы күйлердің бәрімен қатар, Көксерек онашада елсізде қатты ойыншы болатын. Түс кезінде, я танертең бір малды тасада аунатып жеп алып, езсіздегі қашандау жатақтарына қайтады. Сондайда ақ қасқыр жүрістен талып келіп тынығып жатса, Көксерек айналасында қар боратады. Жүгіріп екпіндеп кеп тістеп өтеді. Басынан асып аунап түседі, кейде ақ қасқыр ырылдал тісін сақылдатып, құлағын жымитып, ашумен тап береді. Ондейда Көксерек те қатты қорылдал, гүр-гүр өтеді. Кейде секіріп кеп, ақ қасқырдың желкесінен қапсыра тістеп алып, қысып тұрып-тұрып барып қоя береді. Екеуі осыдан өрі ұзасып барып таласпайды. Артынан Көксерек қайта ойнайды.

Күн жылына бастады. Бірнеше рет шағырмак жақсы құндер болып, әр жердің қары тесілді. Ойдым-оідым қара жерлер көріне бастады.

Жылды күн үйқыны көп келтіреді, тамақтың артынан бойды көп сергітеді, етті шымырлатады. Ақ қасқыр да ойыншы бола бастады. Өзі келіп Көксеректі иіскең, жалай беретін болды. Қайта-қайта Көксеректің үстіне артыла береді, ыңырысып тістелеп те қояды. Бой тартты... Екеуі қалың қараган арасында үйіғып та алды.

Көк молайып, жаз шыққан соң, екі қасқырдан Қараадырдың елі сап болды.

Қараадыр сыртында, елсізде екі үлкен ашы көл бар. Соның аралығындағы қалың шидің ішінде есікі ін болатын. Көксерек пен ақ қасқыр сонда. Жақын жерде – қамыс, одан өрі – көл. Қауіпсіз. Адам көзінен алыс жай, бастап келген – ақ қасқыр.

Бұл кезде Көксерек басқа жақтагы елді ториды. Ақ қасқыр ін маңында болады. Қамыс арасында көп құстардың жұмыртқасын жейді.

Бір күні Көксерек інге салып келіп, аузынан кесек-

кесек құйрықтарды құсып-құсып тастаны. Бірақ бұрынғы дағды бойынша ақ қасқыр қарсы шығушы еді. Оны істемеді. Қексерек ін аузын тырналап, шаң боратқан соң гана сүйретіліп зорга шықты.

Ін ішінен жат иіс сезіп, Қексерек басы мен кеудесін сұғып “ырр” етіп барып кішкене қүйкі қүшікті тістеп, сұрып алғып шықты. Бұл бұны істегендегі, ақ қасқыр арсыладап тап беріп еді. Қексерек сонда да тоқтамай, көк қүшіктерді жерге жұлқып-жұлқып соғып, қабыргаларын кірт-кірт сындырып, өлтіріп тастаны.

Бірақ бір емес, екінші, үшінші, тағы әлденешеуі пайда болды. Аяғында, жылыды. Қүшіктерді жалап, ііскелеп кейде қастарына да жатады. Ақ қасқырга жем таситын болды.

Аздан сон серігі қайта қосылды. Қоң ұзап шықпайды. Сонда да талай жерге еретін болды.

Бір күні екеуі бір қозыны жеп келе жатыр еді. Індерінің үстінен көп үлкен жаулар кетіп барады екен. Қамыс арасына бұқты. Жау озған соң, інге келді. Бірақ қана қүшік қалған, бұралып тұра алмайды, арт жағын баса алмайды. Ақ қасқыр тістеп өкеліп, қамыска тықты. Екеуі қайтадан Қараадырга бет койды. Жарысып кезек-кезек озысып отырып келіп, даладағы қойға тиді. Тұн баласында құлын жеді, тай жеді.

Тыным алмай баяғы іздерімен баяғы елді қайта қан қақсатты. Бұрынғыдан жаман құтырды...

Ақ қасқыр ойнамайды, қыңылай береді. Жесе де, семірмейді. Кей уақытта жалғыз қаңғып кетеді. Қексерек артынан іздел жүріп, зорға табады. Кейде Қексерек катты жүріп кеткенде, бұл жүрмей тұрып та қалады. Қексерек қайта айналып келеді.

Кей уақытта бір-екі күндер аш та қалысады.

Бірақ Қараадыр елі екі қасқырды ұмытқан жоқ. Әлде болса да сол екеуін көре береді. Енді жер кепті. Жазғытұргы көкпен көбен семірген желқуық айғырлар қайта мінілді.

Бір күні зор құғын болды.

Үш үлкен жау Қараадырдың ойында тобылғылы шұбардан шыгарып алғып, екі қасқырды сатырлатып, бас-

тырмалатып қуып берді. Екі айрыла қашты. Ақ қасқырдың желіні түгел қатқан жоқ екен. Бәрі бірдей сонын сонына қарай үнілді.

Көксерек еріксіз ойсып келіп, үшеуінің алдына өзі түсті. Екеуі қатар қашты. Беттері Қараадыр еді. Ерікке коймай, жандай шауып, тауга жібермей қайырып алды. Ақ қасқыр ойға қарай қашты. Көксерек ерегісіп, тауга қарай тартып еді.

Мұның біреуі ғана қуып, екеуі ананың сонынан кетті. Іктиярызың айрылып кетті. Артында жерді дұрс-дұрс басқан қатты түяқтар бұны енді ақ қасқырга қоспады. Сонан соң бұл адырға кіріп, бір-екі бел асқан соң құғыншыны адастырып, құтылып кетті. Бірақ серігі жоқ.

Сонымен құғын күні Көксерек туні бойы ақ қасқырдың ізіне түсіп жорытып еді. Бір төбенің ойына келгенде иіс те, із де бітті. Серігінің иісі жоқ; оның орнына ат, адам иісі мол білінеді. Ағып ұйып қалған қан көрінді. Азғана ііскелеп, бір рет жалап, дәмін де көрді.

Түні бойы көп-көп ұлыды, тан атқанша жер тарпып, шаң боратты, ынырысыды, аунады. Ай астында әрлі-берлі сенделіп, көп аяңдап жүрді. Қасында көлеңкесі ғана жүреді.

Тағы да жалғыз жортуылға түсті...

VI

Жаз бойы жалғыз тіршілік етті. Ашы көлдің солтүстік жағын жайлаган бес-алты ауыл Көксеректен тағы да көресіні көрді. Күндіз келіп, көл жағасындағы қамыста жатады.

Түн баласында бір ауылдың шуын бір ауылдікіне қосып, бықпырт тигендей қылады. Жаздай жеген козы, бұзауының саны елу-алпысқа жетті.

Екі рет құғын болды. Бірақ екеуінде де көлге түсіп кетіп, судың тап ортасына барып, дүнкиіп жатып алды. Саяз сулы, айналасы зор батпак, батпақты ашы көл бұған үлкен қорған болып алды. Әсіреле жаңбырлы, желді түндерде, ай қаранғыда, ақ жауындарда Көксерек қатты құтырады.

Тұнгі ауылдың қорасына шапқанда, күзетшінің айтағы, иттердің үріп тұрганы – барлығы да бұған бөгет емес. Кей-кейде ара-түнде жарқ етіп, құрс беріп мылтық та атылады. Даусынан ғана біраз сескенеді. Азғантай ұзап кетеді де, ел тыныштала бергенде қайта соқтыгады.

Жасынан бір күнде екі рет ас жеп, ашқарап болып үйренген Қексерек ауылға жақындал қелгенде, көзі тұнып, есі шығып кетеді.

Сондыктан ауылға тақай бере-ак ағызып ат қояды. Қораны өрт шыққандай, жер сілкінгендей дүр-дүр еткізіп келіп, қақ жарып шыққанда, аузына кем болғанда бір-екі батпан құйрық ілінбей қалмайды.

Бұл жазда Қексерек қатты семіз болды. Әлдеқашан түлеген такыр жүн күзелген жылқының жалындай қайратты, қатты. Денесінің толуы, бойының биқтеуі, қайратынын молауы – биылғы жыл ерекше болды.

Күздің ұзақ таңында, бір дауылды қара түнде топ жылқыға араласып еді. Сонда қысырдың семіз асау таңын бастырмалатып қуып жетіп, құйрығынан алып табандап тұрып қалғанда, тай тапжыла алмады. Аз тырмысып-тырмысып тұрып, қоя беріп қалғанда – тай екпінімен барып тонқалаң аса түсті. Сонда ағызып келіп, бас салып алқымынан “гүрр” етіп қаба түскенде, тай көтеріп тұра алмай, Қексеректің астында ажал тапты.

Қайтадан карлы, боранды қыс келді. Аязды, елсіз ұзақ далаларда аштық түндері басталды. Ашумен жер тарпып, қар боратып, көп ұлыды. Бір мезгілде ай астында ағаран-ағаран еткен көп топты көрді. Бұрылып бір жаққа қарай жалтарғанша, тасырлатып, қар боратып, қасына ағызып келіп қалыпты.

Бұлар: тілдері салақтаған, ауыздары арандай ашылған, жүгіріп келе жатқанда бәрі тегіс ырс-ырс етеді. Ністері Қексеректің мұрнын жарды. Қарсы аяндады. Қалың топтың алдында зор көрі шолақ мұның жанынан “арс!” етіп желді қуып өтті. Қексерек те тұмсығы ашумен ыржиып, тістерін сақ-сақ еткізді. Екеуі қайта беттесіп қелгенде, біріне-бірі үмтүлмай, құр ғана жана-сып қор-қор етіп, ырсылдал тұрды.

Артынан жеткен көп ақ қанышқтар Қексеректі айна-